

Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 1 және 3-тармақтарын және 94-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы

Қазақстан Республикасы Конституциялық кеңесінің 2005 жылғы 19 тамыздағы N 5 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі, Төраға И.И.Рогов, Кеңес мүшелері Х.Ә.Әбішев, Қ.Ж.Балтабаев, Н.В.Белоруков, С.Ф.Бычкова, А.М.Нұрмағамбетов, Ү.М.Стамқұлов қатысқан құрамда, мыналардың: өтініш субъектісінің өкілі - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты В.Н. Котовичтің;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілі - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Д.Р.Құсдәулетовтың;

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының өкілі - Қазақстан Республикасы Бас прокурорының орынбасары А.Қ. Дауылбаевтың;

Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі В.К.Фоостың қ а т ы с у ы м е н ,

өзінің ашық отырысында Қазақстан Республикасы Парламентінің бір топ депутаттарының Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 1 және 3-тармақтарын және 94-бабының 1-тармағын ресми түсіндіру туралы өтінішін қарады.

Конституциялық іс жүргізу материалдарын зерделеп, баяндамашы - Конституциялық Кеңестің мүшесі С.Ф.Бычкованың хабарламасын, өтініш субъектісі өкілінің және отырысқа қатысушылардың, сондай-ақ сарапшылардың - Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ гуманитарлық-заң университетінің мемлекет және құқық теориясы мен тарихы кафедрасының меңгерушісі М.Т.Баймахановтың, заң ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің конституциялық және әкімшілік құқық кафедрасының меңгерушісі З.Ж.Кенжалиевтің және заң ғылымдарының докторы, профессор, Заңтану академиясы - "Әділет" Жоғары құқық мектебінің оқу ісі жөніндегі проректоры С.Ф.Ударцевтің сөйлеген сөздерін тыңдап, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі мынаны

анықтады:

Республика Парламентінің бір топ депутаттары Конституцияның 41-бабының 1-тармағына және 94-бабының 1-тармағына ресми түсіндірме беруді және Конституцияның аталған нормаларының қайсысы басым екенін және, тиісінше, Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлау күнін белгілеу мен ол күнді Республика Парламентінің Мәжілісі жариялау кезінде олардың қайсысын басшылыққа

алу керектігін айқындап беруді өтініп Конституциялық Кеңеске жүгінді.

Өтініш беруге мынадай негіз болған. Өтініш субъектісінің пікірінше, Конституцияда кезекті Президент сайлауын өткізу мерзімін түрліше айқындайтын нормалар бар, атап айтқанда: "Егер Республика Конституциясының Президент сайлауларының барлық жағдайлары үшін ортақ норма ретінде бағалауға болатын 41-бабының 1-тармағын басшылыққа алсақ, мұндай кезекті сайлау 2005 жылғы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс, өйткені қазіргі Мемлекет басшысы өкілеттігінің жеті жылдық мерзімі 2006 жылғы 20 қаңтарда, яғни 7 жыл бұрын сайланған Қазақстан Президенті ант берген күні (ант берген кез, Республика Конституциясының 42-бабының 1-тармағына сәйкес, сайланған Мемлекет басшысының қызметке кіріскен кезі болып табылады) аяқталады.

Егер Конституцияның ешбір даусыз бір рет қана қолданылатын нормасы, яғни 1999 жылғы 10 қаңтарда өткен сайлау қорытындысы бойынша сайланған қазіргі Мемлекет басшысы өкілеттігінің мерзімі аяқталғаннан кейінгі кезекті Президент сайлауы жағдайына есептелген норма болып табылатын 94-бабының 1-тармағын негізге алсақ, бұл жағдайда сайлауды 2006 жылғы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізу қажет. Бұл ретте қазіргі Президент өкілеттігін жүзеге асыратын мерзім 7 жыл және 11 айдан астам болады, мұны Конституцияның 41-бабының талаптары тұрғысынан алғанда президенттік өкілеттіктің жеті жылдық конституциялық мерзімі сақталмауы деп бағалауға болады".

Конституциялық Кеңестің отырысында өтініш субъектісінің өкілі, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Конституциялық заңның 21-бабы 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген өзінің құқығын пайдалана отырып, өтініш нысанына қатысты қолданыста сондай-ақ Конституцияның 41-бабы 3-тармағының нормаларын түсіндіру және Кеңестің қорытынды шешімінде Қазақстандағы кезекті Президент сайлауының нақты күнін айқындау туралы өтінішін мәлімдеді. Бұл өтінішті Конституциялық Кеңес қанағаттандырды.

Конституцияның 41-бабының 1 және 3-тармақтарын және 94-бабының 1-тармағын өтініште қойылған сұрақтарға қатысты қолданыста түсіндірген кезде Конституциялық Кеңес мынаны ескерді.

1. Негізгі Заңның "Президент" деп аталатын III бөліміндегі 41-бабының 1-тармағы, Қазақстан Республикасының Президентін конституциялық заңға сәйкес жалпыға бірдей, тең және төте сайлау құқығы негізінде Республиканың кәмелетке толған азаматтары жасырын дауыс беру арқылы жеті жыл мерзімге сайлайды деп бекітеді.

Конституцияның осы бабының 3-тармағына сай Республика Президентінің кезекті сайлауы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізіледі және ол мерзімі жағынан Республика Парламентінің жаңа құрамын сайлаумен тұспа-тұс келмеуге тиіс.

Конституцияның 41-бабының 1 және 3-тармақтарының нормалары Республика

Президенті сайланатын жеті жылдық мерзімді айқындайды, бұл сонымен бір уақытта Президент сайлауының мерзімділігін білдіреді, сондай-ақ Мемлекет басшысын сайлау кезеңінің басталуы болып табылатын күнді көрсетеді. Конституцияның 94-бабының 1-тармағына сай (IX бөлім "Қорытынды және өтпелі ережелер") "Конституция күшіне енген кезде қолданылып жүрген Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сайланған Қазақстан Республикасының Президенті Конституция белгілеген Қазақстан Республикасы Президентінің өкілеттіктеріне ие болады және оларды 1995 жылғы 29 сәуірде республикалық референдумда қабылданған шешім бойынша белгіленген мерзім ішінде жүзеге асырады".

"Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 7 қазандағы N 284-І Заңымен Конституцияның 94-бабының 1-тармағы мынадай нормамен толықтырылды: "Қазақстан Республикасы Президентінің келісімімен Республика Президенті өкілеттігінің қазіргі мерзімі Республика Парламенті Палаталарының бірлескен отырысында Палаталардың әрқайсысының депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен қабылданған Республика Парламентінің қаулысымен қысқартылуы мүмкін. Мұндай жағдайда Парламент Мәжілісі бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауын тағайындайды. Осы сайлаудың қорытындылары бойынша сайланған Республика Президенті сайлау қорытындылары жарияланған күннен бастап бір ай ішінде ант береді және жеті жылдан кейін желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті Президент сайлауында сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскенге дейін өз өкілеттігін жүзеге асырады".

Конституцияның 94-бабының 1-тармағы аталған Заңның редакциясында 1999 жылы сайланған Республика Президентінің Мемлекет басшысының өкілеттіктеріне ие болуы, оларды іске асыруы және тоқтатуы мәселелерін реттейді. Бұл нормалар Негізгі Заңның 41-бабының 1 және 3-тармақтарын Қазақстан Президенті сайлауының нақты жағдайында жүзеге асыру үшін қызмет етеді. Республиканың қазіргі Президенті 1999 жылғы 20 қаңтарда қызметіне кірісті. Оның өкілеттігінің жеті жылдық мерзімі осы сәттен бастап есептеледі (бұл Конституциялық Кеңестің 2000 жылғы 20 маусымдағы N 12/2 қаулысында көрсетілген).

Конституцияның 94-бабы 1-тармағы нормаларының көпшілігі қазіргі кезде жүзеге асырылған. Мына ереже ғана заңдық күшін сақтап қалды: "... жеті жылдан кейін желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс кезекті Президент сайлауында сайланған Республика Президенті қызметіне кіріскенге дейін өз өкілеттігін жүзеге асырады". Бұл ереже Республика Президентінің өз өкілеттігін атқаруының жеті жылдық мерзімін бекітеді, алайда аталған мерзімді есептеу қай кезден басталатынын (Парламенттің сайлау күнін тағайындау сәті, бұдан бұрынғы сайлау күні, қазіргі Президенттің қызметіне кіріскен сәті және т.б. осындай кез болып табылатынын не табылмайтынын) нақтыламайды.

2. Талдау көрсеткеніндей, Негізгі Заңда конституциялық ережелердің орналасуын формальді түрде айқындайтын арнаулы норма жоқ. Алайда, түрлі конституциялық нормалардың ерекшелігін ескере отырып, түсіндіру барысында олардың кейбіріне нақты жағдайларда басымды маңызы бар деп артықшылық берілуі мүмкін. Мәселен, Конституциялық Кеңестің 1999 жылғы 29 қазандағы N 20/2 , 2000 жылғы 7 маусымдағы N 4/2 қаулыларында, Республиканың конституциялық құрылысының негіздерін және өзге де түбегейлі ережелерді бекітетін "Жалпы ережелер" деп аталатын I бөлімнің нормалары өзге конституциялық нормаларға қарағанда басымдыққа ие делінеді.

Конституциялық нормаларды түсіндірген кезде олардың бір-біріне мүмкін болған тең бағыныстылығы туралы мәселе нақты жағдайға қатысты қолданыста Негізгі Заң нормаларының бүкіл жүйесі мәтінінде шешілуге тиіс. Атап айтқанда, Конституцияның 41-бабының 1, 3-тармақтары және 94-бабы 1-тармағы нормаларының мазмұнын бір-бірімен салыстыру мынадай ұйғарымға алып келеді:

- 41-баптың 1 және 3-тармақтарында Қазақстан Республикасы Президенті сайлауының барлық жағдайларына қатысты жалпы сипаттағы нормалар бар. Олар Мемлекет басшысы сайлауының басталуы ретінде желтоқсанның бірінші жексенбісін атай отырып, жеті жылдық кезеңін белгілейді;

- 94-баптың 1-тармағы, бұдан бұрын атап өтілгеніндей, жеті жылдық мерзім аяқталғаннан кейін Президент сайлауы өткізілуге тиіс осы жеті жылдық мерзімнің қашан басталатынын белгілемейді, сондықтан оның ережелерін Негізгі Заңның 41-бабы 1 және 3-тармақтарының нормаларынан ажыратып қолдануға болмайды.

Конституцияның 94-бабы 1-тармағының нормалары 41-баптың 1 және 3-тармақтарының нормаларын өтпелі кезеңде, Қазақстан Президентінің алда келе жатқан кезекті сайлауының күнін айқындауға байланысты жағдайда жүзеге асыруға арналғандықтан, аталған нормалар жиынтығында қолданылуға тиіс.

3. Негізгі Заңның 1-бабының 1-тармағы Қазақстан Республикасын демократиялық және құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады. Конституция мемлекеттік биліктің бірден-бір бастауы - халық, ол билікті тікелей республикалық референдум және еркін сайлау арқылы жүзеге асырады деп белгілейді (3-баптың 1 және 2-тармақтары).

Осыған орай Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлау күнін айқындаған кезде, Негізгі Заңда көрсетілген Мемлекет басшысының сайлау күні мемлекеттік биліктің бастауы ретінде халықтың өз еркін білдіру кезеңінің басталуы болып табылатынын ескерген жөн. Осы сайлау күні Қазақстан халқы биліктің демократиялық сипатын айқындаушы, оған ең жоғары заңдылық беруші өзінің еркін білдіріп, өз егемендігін көрсетеді.

Республика Президентінің сайлауына қатысты қолданыста Қазақстан халқының егемендігі, демократиялық және құқықтық мемлекеттің мән-мазмұны Конституцияның 41-бабы 1 және 3-тармақтарының ережелерінде нақтыланады.

Жазылғанды ескеріп, Конституциялық Кеңестің пікірінше, Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы 2005 жылғы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс.

Бұл жағдайда, Конституцияның 42-бабының 2-тармағына сай, сайланған Президент 2006 жылғы қаңтардың екінші сәрсенбісінде (11 қаңтарда) ант беруге тиіс. Бұл 1999 жылғы 20 қаңтарда қызметіне кіріскен қазіргі Мемлекет басшысының өкілеттік мерзімін қысқарту болып табылмайды, өйткені Негізгі Заңның 41-бабының 1-тармағына сәйкес Республика Президенті өз қызметіне жеті жылға кіріспейді, керісінше, жеті жыл мерзімге сайланады. Сайлау күні сайлау процесіне, соның ішінде Президенттің қызметіне кірісуіне байланысты өзге барлық күндерге қарағанда басымды болып табылады.

Жазылғанның негізінде, Қазақстан Республикасы Конституциясының 72-бабы 1-тармағының 4) тармақшасын, "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Конституциялық заңның 31-33, 37-баптарын және 41-бабы 1-тармағының 2) тармақшасын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі

қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Конституциясының 94-бабы 1-тармағының ережелерін өтініш нысанына қатысты қолданыста, бұл ережелер Қазақстан Республикасы Конституциясының 41-бабының 1 және 3-тармақтарын Қазақстан Республикасы Президенті сайлауының нақты жағдайында жүзеге асыру үшін қызмет етеді деп түсінген жөн. Аталған конституциялық нормаларды жиынтығында қолдану қажет.

2. Қазақстан Республикасы Конституциясының 94-бабы 1-тармағының және 41-бабының 1 және 3-тармақтарының мағынасынан, Қазақстан Республикасы Президентінің кезекті сайлауы 2005 жылғы желтоқсанның бірінші жексенбісінде өткізілуге тиіс екендігі келіп шығады.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының 74-бабының 3-тармағына сәйкес қаулы оны қабылдаған күннен бастап күшіне енеді, шағымдануға жатпайды, Республиканың бүкіл аумағында жалпыға бірдей міндетті және Қазақстан Республикасы Конституциясының 73-бабының 4-тармағында көзделген ретті ескере отырып, түпкілікті болып табылады.

4. Осы қаулы республикалық ресми басылымдарда қазақ және орыс тілдерінде жариялансын.

*Қазақстан Республикасы
Конституциялық Кеңесінің*

Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК